

## **Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлем төлеуді жүзеге асырудың Ережелері туралы**

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық әкімдігінің 2004 жылғы 11 қарашадағы № 1486 қаулысы. Батыс Қазақстан облыстық Әділет департаментімен 2004 жылғы 30 қарашада № 2807 тіркелген. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 9 сәуірдегі № 959 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2009.04.09 № 959 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31-бабын басшылыққа алып, аса мұқтаж отбасыларына төлем төлеуді ұйымдастыру тәртібін реттеу мақсатында Орал қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлем төлеуді жүзеге асырудың Ережелері бекітілсін (№ 1 қосымша).

2. Азаматтардың жекелеген санаттарына төлем төлеу 2004 жылғы 1 қаңтарынан бастап жүргізілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары С. Н. Церковниковке жүктелсін.

*Қала әкімі*

*В.Мұқатаев*

№ 1 қосымша

Орал қаласы әкімдігінің  
2004 жылғы 11 қарашадағы  
№ 1486 қаулысымен бекітілді

## **Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлем төлеуді жүзеге асырудың Ережелері**

### **1. Жалпы ереже**

1. Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлем төлеуді жүзеге асырудың осы Ережелері (бұдан әрі - Ережелер) тұрмысы төмен отбасыларына (азаматтарға) материалдық көмек көрсетудің тәртібін реттейді.

2. Ережелерді қабылдауға құқықтық негіз болып Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңы және "Бюджеттік кодекс" Кодекс табылады.

Ескерту. 2 тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2006.06.15 № 1068 Қаулысымен.

3. Ережелер Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Заңымен реттелетін қарым-қатынастарда қолданылмайды.

## **2. Төлем алу құқығы**

4. Табысы күнкөріс деңгейінен төмен немесе өмірдегі белгілі ауыр жағдайларға байланысты әлеуметтік қолдауға мұқтаж тұрмысы төмен отбасылары (азаматтар), сондай-ақ азаматтардың жекелеген санаттары әлеуметтік төлем алуға құқылы:

- 1) Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектер Жеңіс күніне орай;
- 2) Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза тапқандардың жесірлері Жеңіс күніне орай;
- 3) Қоршаудағы Ленинград тұрғындары Жеңіс күніне орай;

Өмірдегі ауыр жағдайлар болып мыналар табылады: отбасы мүшелерінің біреуінің қайтыс болуы, онкологиялық және туберкулез ауруларына шалдыққандардың ұзақ уақыт емделуі, операция жасау қажеттілігі, Қазақстан Республикасының аумағындағы медициналық мекемелерде емделуге барудың жолақысы және азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлем төлеу жөніндегі комиссиясының 07.08.2003 жылғы № 732 "Азаматтардың кейбір санаттарына әлеуметтік төлем төлеу жөніндегі қалалық комиссия құру туралы" (05.09.2003 жылғы тірк. № 2273) шешімімен белгіленген әкімдік қаулысымен бекітілген басқа да ерекше жағдайлар.

Ерекше жағдайларға мыналар жатады: өрт, денсаулық жағдайының мүшкілдігі, апаттар және басқа да тосын жағдайлар.

5. Әлеуметтік төлем ай сайын азаматтардың жекелеген санаттарына төленеді:

- 1) облыс әкімдігінің 13.11.2001 жылғы № 48 "Бұрын жергілікті маңызы бар дербес зейнеткер болған адамдарға материалдық көмектер белгілеу туралы" қаулысы негізінде жергілікті дәрежедегі дербес зейнеткерлерге (22.11.2001 жылғы тірк. № 1143);
- 2) облыс әкімдігінің 13.11.2001 жылғы № 49 "1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында соңғы әскерге шақырылған адамдарға материалдық көмек көрсету туралы" (22.11.2001 жылғы тірк. № 1144) қаулысы негізінде әскерге соңғы шақырылған тұлғаларға;
- 3) бейбітшілік уақытта қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасыларына.

6. Сондай-ақ әлеуметтік төлем әлеуметтік төлем жөніндегі комиссиясының шешімімен өтініш негізінде келесі жағдайларда тағайындалады:

1) азаматтарға зейнеткер жасына жетпеген немесе мүгедек емес қайтыс болған адамды жерлеуге;

дүниеге келген сәби үшін азаматтарға (2000, 2001, 2002 жылдары дүниеге келген балалар).

3) тұрмысы төмен отбасыларына және азаматтардың жекелеген санаттарына (ОСҚ, ОСМ, дербес зейнеткерлер, ақталғандар, мүгедектер, ОСҚ және ОСМ жесірлері) стационарда емделуге және медицина мекемелерінде тексерілуге;

табыстары адам басына шаққанда күнкөріс деңгейінен төмен азаматтарға тұрғын үйді газдандыруға.

### **3. Төлем төлеу жұмыстарын ұйымдастыру**

7. Қалалық мәслихаттың депутаттары, қалалық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы, білім, ішкі істер басқармалары, қаланың қоғамдық ұйымдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілдерінен төлем төлеу жұмысын ұйымдастыру мақсатында комиссия құрылады. Комиссия мүшелерінің саны және жеке құрамы қалалық мәслихаттың шешімімен бекітіледі.

Әлеуметтік төлем жөніндегі комиссиясының мәжілісі аптасына бір рет қалалық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасының ғимаратында өткізіледі.

8. Комиссияның негізгі міндеттері болып мыналар табылады:

1) азаматтардың әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі өтініштерін қарау;

2) көмек сұраған отбасының (азаматтың) әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын және қамтамасыз етілу деңгейін тексеру.

Әлеуметтік төлемді тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдау.

### **4. Көмек көрсетудің тәртібі мен мөлшері**

9. Әлеуметтік төлем жылына бір рет отбасы мүшесінің біреуіне (азаматқа) ақшалай беріледі.

10. Әлеуметтік төлем алуға үміткер тұлға қалалық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасына өтініш тапсырады. Өтінішке келесі құжаттар тіркеледі:

1) Жеке куәлік (көшірме)

2) Үй кітабы (көшірме)

3) Өткен тоқсандағы табысы туралы анықтама

4) СТН (көшірме)

5) Халық банкіндегі немесе Қазпоштадағы есепшотының нөмірі (көшірме)

б) Өтініш берудің себебін дәлелдейтін құжаттар:  
емделуге - емханадан ДҚК қорытындысы (№ 9 нысан);  
тұрғын жайда өрт болған жағдайда - өрт туралы акт;  
қайтыс болғанды жерлеуге - жәрдемақы алуға АХАЖ анықтамасы және қайтыс болу туралы куәлік;  
сәбидің дүниеге келуіне - жәрдемақы алу үшін АХАЖ анықтамасы және туу туралы куәлік;  
тұрғын жайды газдандыруға - газ өткізуге шот-фактура.  
Басқарма маманы өтінішті қабылдағанда ұсынылған құжаттарды түпнұсқамен салыстырып тексереді.

11. Төлем төлеу қаржыны арыз берушінің есепшотына аудару арқылы жүзеге асырылады:

1) Ақырет қызметақысын төлеу үшін - 10 АЕК көлемінде;  
2) Сәбидің дүниеге келуіне (2000, 2001, 2002 жылдары туған балаларға) - 3 АЕК көлемінде;

3) Мына жағдайларда: онкологиялық және туберкулез ауруларын емдеуге, операция өткізуге, тұрғын жайды газдандыруға көмек көрсеткен жағдайда төлемнің мөлшері әлеуметтік төлем жөніндегі комиссияның шешімімен белгіленеді.

4) а) жергілікті дәрежедегі дербес зейнеткерлерге - 1 АЕК;  
б) әскерге соңғы шақырылған тұлғаларға - 2,9 АЕК;  
в) бейбітшілік уақытта қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасыларына - 1 АЕК;

12. 4-тармақта көрсетілген тұлғаларға Жеңіс күніне байланысты әлеуметтік төлемдер арыз бермей-ақ, әлеуметтік төлем жөніндегі комиссия белгілейтін көлемдегі қаражатты жеке есепшоттарға аудару арқылы жүзеге асырылады.

13. Төлем мөлшерін әрбір нақты жағдайда комиссия белгілейді. Көмектің ең жоғарғы көлемі 10 АЕК-тен аспайды. Ережелердің 4-тармағында қарастырылған жағдайларда төлемнің ең жоғарғы көлемі әлеуметтік төлем комиссиясының шешімі бойынша көбейтілуі мүмкін.

14. Әлеуметтік төлем шығындары қалалық бюджетте осы мақсаттарға қарастырылған қаражаттар шегінде қаржыландырылады.

## **5. Төлем төлеуді жүзеге асыру тәртібі**

15. Қалалық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы қалалық бюджетте осы мақсаттарға қарастырылған қаражат шегінде әлеуметтік көмек төлеу үшін азаматтардың тізімін жасап ұсынады және тізімнің дұрыстығына жауап береді.

16. Азаматтардың жекелеген санаттарына төленетін әлеуметтік төлем мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындаған кезде отбасының жиынтық табысына есептеледі.

## **6. Төлем төлеуді жүзеге асыруды бақылау**

17. тармақ алынып тасталды - Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2006.06.15 № 1068 Қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК